

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ!

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№91 (2599) 27/11/2020

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

railnews.kz

Подписывайтесь на telegram-канал АО «НК «КТЖ» – @railways.kz / «КТЖ» ҮК» АҚ – @railways.kz telegram-каналына жазылыңыз

ЦИТАТА ДНЯ

Сауат МЫНБАЕВ,  
ПРЕДСЕДАТЕЛЬ ПРАВЛЕНИЯ  
АО «НК «КТЖ»:

**« ДЛ Я РАЗВИТИ Я  
ОБЪЕМО В ТРАН-  
ЗИТНЫХ ПЕРЕ-  
ВОЗОК ПО МАРШРУТУ  
АЗИ Я – ЕВРОП А  
АО «НК «КТЖ» РЕА-  
ЛИЗУЕТ ПРОГРАММУ  
ПО МОДЕРНИЗАЦИИ  
ТРАНСПОРТНОЙ ИНФРА-  
СТРУКТУРЫ. В ЧИС-  
ЛЕ ПРИОРИТЕТНЫХ  
ПРОЕКТОВ – СТРОИ-  
ТЕЛЬСТВО ЗА СЧЕТ  
ГОСУДАРСТВЕННЫХ И  
ЧАСТНЫХ ИНВЕСТИ-  
ЦИЙ ЧЕТЫРЕХ НОВЫХ  
КОНТЕЙНЕРНЫХ ТЕР-  
МИНАЛОВ НА СТАНЦИИ  
ДОСТЫК ДЛ Я ОБЕСПЕ-  
ЧЕНИЯ РОСТА ОБРА-  
БОТКИ КОНТЕЙНЕРОВ В  
2025 ГОДУ ДО МИЛЛИО-  
НА ДФЗ В ГОД »**

АҚПАРАТ

ДАРБАЗАНЫ  
ДАМЫТАДЫ

«КТЖ» компаниясы Қазақстан мен Өзбекстан шекарасындағы Дарбаза-Мақтаарал темір жол желісінің жүк өткізу қабілетін арттыруды қолға алды. Ол үшін осы халықаралық көлік дәлізінің бойында орналасқан шекаралық станциялардың логистикалық инфрақұрылымы ұлғайтылды.

Қазақстан темір жолдарында Өзбекстанға бағытталған транзиттік тасымалдың негізгі жүк ағыны Сарыағаш мемлекетаралық түйісу станциясы арқылы өтеді. Бұл станцияның өткізгіштік қабілеті осынд а толық қуатында жұмыс істеп тұр. Жергілікті жерде тиісті жағдайды болмауы және халық тығыз орналасқан өңірде жер телімдерінің жетіспеушілігінен бұл станцияны әрі қарай дамыту мүмкіндігі жоқ деуге болады. Ұлттық компания қазақ-өзбек мемлекеттік шекарасындағы темір жол телімдерінің өткізгіштік қабілетін арттыру үшін Дарбаза-Мақтаарал жаңа темір жол желісін салуды қарастыруда. Бұл Сарыағаш-Ташкент теліміндегі жүктерді қайта бөлуге, Сарыағаш станциясына түскен жүктемелі азайтуға және аталған бағыттың өткізу қабілетін көбейтуге мүмкіндік береді. Осы мақсатта «КТЖ» ҮК» АҚ мен «Узбекистан Темір Йуллары» АҚ арасында транзиттік әлеуетті тиімді пайдаланудың оңтайлы нұсқаларын зертеу үшін ынтымастық туралы Меморандумға қол қойылды. Уағдаластық аясында негізгі өндірістік және экономикалық көрсеткіштерді анықтау, жаңа бағдарлардың қаншалықты мақсатқа сәйкестігі бойынша жұмыс тобы құрылмақ. Сонымен қатар Қытаймен шекарада транзиттік өткізу қосындының қуатын арттыру үшін 2021 жылы Достық және Алтынқол станцияларын дамытудың Бас жоспары әзірленбек.

Бүгінгі таңда Еуропа-Азия бағытында жүктер қатынайтын Достық шекаралық өткелінде 2020-2025 жылдарға арналған «Нұрлы жол» инфрақұрылымдық дамудың Мемлекеттік бағдарламасы аясында «Достық-Мойынты» темір жол көлігі дәлізін жаңғырту» жобасы жүзеге асырылады. Жеке инвестиция тарту есебінен қолданыстағы жүк ауыстырып тиейтін контейнерлік терминалды қайта құрылымдау және жаңасын салу жоспарлануда. Аталған шаралар пойыздар қабылдау және тапсыру кезіндегі өңдеу уақытын қысқартуға, Қазақстан аумағы арқылы транзиттік тасымал көлемін арттыруға мүмкіндік береді. Достық-Мойынты телімін жаңғырту қорытындысы бойынша контейнерлік пойыздар жылдамдығы таулігіне 1150 км-ге дейін өседі.

Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ

АКТУАЛЬНО



## ЗЕРНО В ПРИОРИТЕТЕ

Онлайн-презентация, посвященная обсуждению вопросов перевозки зерновых и зернобобовых культур, проведена для клиентов и партнеров группы компаний АО «НК «КТЖ». В мероприятии приняли участие более 40 крупнейших компаний участников зернового рынка.

Жаньбек КЕНЕС

Предоставление высококлассного логистического сервиса и поиск оптимальных вариантов перевозки казахстанской зерновой продукции в сезон высокого спроса являются приоритетными задачами дочерних компаний АО «НК «КТЖ» – АО «KTZ Express» и АО «Кедентранссервис», так как урожай зерна в Казахстане в последние годы стремительно растет.

В ходе презентации участники обсудили важность обеспечения экспорта казахстанской зерновой продукции, уделив особое внимание созданному альтернативным способом перевозкам зерновых и зернобобовых культур в контейнерах.

Среди преимуществ контейнеризации отправители отмечают вариативность погрузки: на элеваторе и на местах хранения зерна (в амбарах), возможность перевозки

на более дальние расстояния, возможность осуществления перевозки с более высокой скоростью, «от двери до двери» и без необходимости перегрузки в пути следования и многие другие.

На сегодняшний день экспорт казахстанского зерна в основном осуществляется в направлении Центральной Азии и КНР со станций Новошиимская, Костанай, Павлодар, Денисовка, через пограничный переход Достык, а также по Транскаспийскому международному транспортному маршруту (ТМТМ) из казахстанских городов Кокшетау и Костанай через морской порт Актау в азербайджанский порт Баку и далее в турецкий город Мерсин.

По словам генерального директора АО «Кедентранссервис» Виктора Федотова, компания активно осуществляет перевозку сельскохозяйственной продукции в направлении Китая. Так, с октября текущего года поезда

из Костаная, груженные мукой, в направлении Алашаньюк до станции Достык добирались за трое суток. Компания готова предоставить сервис по перевозке зерновой продукции в направлении КНР и Средней Азии.

– Являясь координатором Международного транскаспийского консорциума, АО «KTZ Express» максимально заинтересовано в создании благоприятных транзитных условий на маршруте, – отмечает руководитель АО «KTZ Express» Дмитрий Абуллаев. – Продолженная за последние годы работа уже создала коммерческое преимущество Транскаспийского маршрута. Сегодня мы можем предложить клиенту перевозку по ТМТМ от восточного Китая до Турции за 14-15 дней в организованных контейнерных поездах, с соблюдением параметров сохранности и скорости и по вполне конкурентной цене.

Стоит отметить, что для оперативного предоставления контейнеров под погрузку в любом регионе контейнеры АО «KTZ Express» и АО «Кедентранссервис» дислоцируются по всей территории Казахстана.

В целом, благоприятные условия для принятия и обслуживания грузопотоков с обеспечением комплексного сервиса и взаимодействия с клиентами созданы на всех маршрутах через Казахстан. Кроме того, для удобства клиентов налажены переводные IT-сервисы и открыты международные офисы в Китае, России, Европе и крупных городах Казахстана.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ЖОЛАУШЫ ТАСЫМАЛЫ

## БҮГІНГІ КҮННІҒА ТАЛАБЫ – КЛИЕНТКЕ БАҒДАРЛАНУ

Өткен аптада «Жолаушылар тасымалы» АҚ Бас директоры Питер Штурм Алматы қаласындағы «Оңтүстік» өңірлік филиалына арнайы атбасын бұрып, жолсеріктермен кездесті. Еркін пікір алмасу үлгісінде өткен жиын барысында Штурм мырза компанияның биылғы жұмысы және алдағы жоспарымен де бөлісті.

Жігер ӘШІМ,  
Алматы

Питер Штурм кездесу барысында клиентке бағдарлану деңгейін арттыру және ұсынылатын сервис сапасын жақсартуды сөз етті. Жолсеріктерден сервисі жақсарту мақсатында ойлары мен идеяларын сұрап, көкейлерінде тұрған сұрақтары мен тілектерін тыңдады.

Штурм мырза жақын арада жолсеріктер үшін жұмыс шарттары өзгеретінін және пойыз бригадаларының қызметкерлері үшін жалақының 30%-ға дейінгі мөлшерде сыйлықақының жаңа моделі енгізілетінін атап өтті. Мұндай сыйақыға ие болу үшін қызметкерлердің еңбек ету коэффициентіне байланысты болады.

– «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның басты назарында ең алдымен қызмет көрсету сапасын арттыру тұр. Бұл дегеніміз – тазалық жұмыстары сапалы болу және жаңа төсектерін жабдықтарымен қамтамасыз ету. Осы бағытты ұстана отырып, біз клиенттеріміздің оң бағасына ие болып отырмыз. Сондай-ақ, қазіргі таңда біз стандартты вагондарға жаңа санитарлық модульдерді орната бастадық. Жұмыс процесі басталғанымен, алдағы

уақытта сапа жағынан жағымды әсер қалдыратындығымызға кәміл сенемін, – деді П.Штурм.

Сондай-ақ, жұмыс сапары барысында Бас директор клиенттердің тілектерін орындау туралы ойдың маңыздылығын жеткізу туралы «Оңтүстік» филиалының басшы құрамы үшін көшбасшылық тақырыбында семинар өткізді.

– Біз жолаушыларымызға, Қазақстандағы тасымалдау бойынша ең үздік компания екенімізді, бізбен бірге жүртеу ыңғайлы әрі сапалы қызметімізді айқын көрсетіп, көз жеткізіміз керек, – деп атап өтті өз сөзінде Штурм.

Бас директор кездесуге қатысып отырған қатысушыларға жылжымалы құрам паркін ұлғайту үшін қабылданып жатқан шаралар туралы да хабарлар етті. Бұл мәселені шешу үшін Қазақстан аумағында вагондар шығаруды ұйымдастыру үшін инвестор іздеуге конкурс өткізіледі. Келесі жылдың ортасында компания 500-ден астам жаңа вагон шығару туралы келісімшартқа қол қоюды жоспарлап отыр.

Компания басшысы өңірлік филиалды аралау барысында багажды қабылдау процесімен және



оларды тасымалдау шарттарымен танысты. Бағаж бөлімшесінің қызметкерлерімен кездесу Питер Штурм бұл бағыттың қай қырын қысқайтып, талдау керектігін және болашақта қандай өзгерістер қажет екеніндігін атап өтті. – Бүгін біз жүк тасымалының жұмысын қарап шықтық. Ұсыныстар туралы айтуға әлі ерте, біз алдымен жұмысты зерттеп, содан кейін тұжырымдама жасаймыз. Осыған орай, біз нарықтағы сұранысты талдап, клиенттердің не қалайтынын біліп, олардың тілектеріне сәйкес жұмысымызды құрумыз керек. Клиентке бағдарлану бүгінгі күннің талабы болмақ, – деп түйіндеді сөзін «Жолаушылар тасымалы» АҚ басшысы.

Суретті түсірген автор

ТЕХНОЛОГИИ

## НА «УДАЛЕНКЕ» ВАГОНЫ КАК НА ЛАДОНИ

Дочерняя организация АО «НК «Қазақстан темір жолы» – пилотная и пока единственная компания квазигосударственного сектора – АО «Қазтеміртранс» демонстрирует позитивный опыт стопроцентного дистанционного формата работы.

Асель ШАЙХЫНОВА

В компании отмечают, что переход на «удаленку» произошел без нарушения ключевых бизнес-процессов и не повлиял на скорость решения производственных задач.

При этом пересмотр офисной организации работы позволил оптимизировать расходы. В компании посчитали предполагаемые выгоды. Отказ от помещений и прочих офисных затрат позволит сократить административные расходы на 200 миллионов тенге в 2020 году и планируется сэкономить 1 миллиард 417 миллионов тенге в 2021-2024 годах.

Современные IT-решения помогают оперативно организовать непрерывный производственный процесс и взаимодействие работников в любом режиме.

– В условиях карантина сотрудники административно-управленческого блока АО «Қазтеміртранс» – крупнейшего оператора вагонного парка республики – переведены полностью на постоянный удаленный режим работы. При этом производственный персонал остался работать в привычном формате, но с соблюдением всех санитарных норм. С работниками заключено дополнительное трудовое соглашение, разработана новая Инструкция

по охране труда, – говорит управляющий директор по корпоративным вопросам и HR Нуржан Калдыбатор. – Важно, что и коммуникации между сотрудниками не пострадали. Все встречи регулярно проводятся «онлайн». Мы хотим сохранить и привлекать наиболее креативных и успешных сотрудников, для этого предлагаем как можно более гибкие условия работы, чтобы поддержать их индивидуальные предпочтения. Думаю, опыт, который наша компания приобрела в условиях пандемии, убедительно доказал: несмотря ни на что, в коллективе сохраняется эффективность производственной деятельности.

Продолжение на 3 стр.

ПРЕЗЕНТАЦИЯ

ВСТРЕЧА  
С БИЗНЕСМЕНАМИ

Западным филиалом АО «KTZ Express» при поддержке Национальной палаты предпринимателей «Атамекен» в онлайн-формате организована презентация преимуществ логистических сервисов KTZ Express для бизнеса.

В мероприятии приняли участие представители более 30 компаний: НПП «Атамекен», Актауский морской северный терминал, ТОО «НМСК «Казмортрансфлот», ГП «Мангистау», управление инвестиций и развития туризма Мангистауской области, АО «МРЭК», АО «КазАзот», АО «Озенмунайгаз», АО «Мангистаумунайгаз», АО «Арселор-Миттал Актау» и другие.

В своем выступлении руководитель Западного филиала KTZ Express Ерлан Тулендиев поведол участникам о благоприятных условиях, созданных компанией на маршрутах через Казахстан, комфортной тарифной политике, соблюдении параметров скорости, сохранности грузов. Также он рассказал о соблюдении принципа клиентоориентированности, сообщив, что для удобства клиентов запущен бесплатный консультационный call-центр по номеру +7 7172 611 500.

Кроме того, в ходе мероприятия участникам были презентованы возможности морских портов Казахстана и условия транспортировки грузов по Транскаспийскому маршруту. Представители портов заверили участников, что инфраструктура морских ворот страны полностью отвечает современным требованиям и готова к обработке всех видов грузов, в том числе грузов, чувствительных к температурному режиму, транспортируемых в рефрижераторных контейнерах.

Алуя ТЛЕУБАЕВА

СОТРУДНИЧЕСТВО

УПРОСТИТЬ ПРОЦЕДУРЫ



Антикризисные инициативы и меры по упрощению транспортных процедур обсудили министр индустрии и инфраструктурного развития РК Бейбут Атамкулов и генеральный секретарь Совета сотрудничества тюркоязычных государств Багдад Амреев.

Участники встречи обменялись мнениями по возможному расширению сотрудничества.

Так, Багдад Амреев озвучил просьбу стран – участниц Совета сотрудничества тюркоязычных государств (ССТТ) по дальнейшему сохранению мер упрощения транспортных операций через Транскаспийский международный транспортный коридор, принятых между странами Тюркского совета на период пандемии. Это позволило обеспечить продовольственную безопасность и беспрепятственное перемещение товаров гуманитарного и потребительского назначения, лекарств и медицинского оборудования.

Он сообщил также, что Тюркский совет начал разработку стратегии «Тюркский мир-2040» для сближения позиций стран-участниц и углубления сотрудничества по всем направлениям взаимоотношений, попросив МИИР РК внести свои предложения и составить перспективную «дорожную карту» по курируемым направлениям.

В свою очередь, министр индустрии и инфраструктурного развития РК Бейбут Атамкулов предложил провести видеоконференцию по вызовам и проблемам, которые нанес Covid-19, и наметить перспективные направления сотрудничества.

Роман ЛЮБИМОВ

ЦИФРА НОМЕРА

**17,3** млн тонн

ДОСТИГ ОБЪЕМ ТРАНЗИТА ПО СЕТИ АО «НК «КТЖ» ЗА 10 МЕСЯЦЕВ 2020 ГОДА



## ЖАҢАЛЫҚТАР

ИГІЛІКТІҢ  
ЕРТЕ-КЕШІ ЖОҚ

Ерте көктемде жарияланған карантинге байланысты біраз шаралар кейінге шегерілгені белгілі. Теміржолшылардың төл мерекесі де биыл уақытында аталып өтпеді. Алайда, ешкім елеусіз қалмады, марапаттар иелерін тапты.

Атырау магистральдық желі бөлімшесінде «Қазақстан темір жолы» ҰҚ» АҚ моральдық және материалдық ынталандыру Комиссиясының 2020 жылдың 8 шілдедегі №5 хаттамасына сәйкес Көлік қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай бірқатар қызметкерлерді марапаттау шарасы өтіп, оны бөлімше басшысының орынбасары Жәнібек Жөнтүрбаев табыстады. Атырау жол дистанциясының өндірістік телім бастығының орынбасары Мереке Мұханбетжанов «Құрметті теміржолшы» атағына ие болса, Атырау магистральдық желі бөлімшесі филиалының экономика бөлімі бастығы Г.Каспанова «Үздік маман» төсбелгісін кеудесіне тақты.

«ҚТЖ» ҰҚ» АҚ Басқарма төрағасының Құрмет грамотасымен бөлімше бас инженері С.Сейілханов, Құлсары жол дистанциясының жол шебері И.Байрамбаев, Құлсары есептеу бөлімінің персонал жөніндегі менеджері Г.Исахаева, Сағыз станциясы вокзалының аға кезекшісі Э.Қайдабаева, Құлсары байланыс дистанциясының электр механигі С.Орақбаев, ал Алғыс хатпен Атырау байланыс дистанциясының электроншы инженері А.Ғалимов, Құлсары жол дистанциясының жол жөндеушісі К.Дәулетов, бөлімшенің вокзал шаруашылығы бөлімінің көлік жөніндегі инженері А.Жұбанқұлова, Құлсары байланыс дистанциясының орталықтандыру және блоктау аға электр механигі Қ.Қайыржанов, бөлімше аудармашысы Б.Қалдыбаева, Атырау жол дистанциясы өндірістік телім бастығы Д.Тауашов, Атырау электрмен жабдықтау дистанциясының автокөлік жүргізушісі Ж.Үмбетов, Ақжайық байланыс дистанциясының радиобайланыс аға электр механигі А.Шахатов марапатталды.

2019 жылдың нәтижесі бойынша сіңірген еңбегі және өндірістік жарақатқа жол бермегені үшін Атырау магистральдық желі бөлімшесінің директоры Е.Сапаров, бас инженер С.Сейілханов, еңбек қорғау секторының бастығы А.Ескалиев та Басқарма төрағасының Құрмет грамотасын алды. А.Ескалиевке сондай-ақ «Қауіпсіздіктің мінез-құлпытқ диалогы» тақырыбы бойынша оқытуды жүргізуге қосқан жеке үлесі үшін ҚТЖ Басқарма төрағасының Алғыс хаты берілді.

– «Игіліктің ерте-кеші жоқ» деген, елімізде қалыптасып отырған карантиндік жағдайға байланысты теміржолшылардың төл мерекесіндегі марапаттары кешігіп табысталып отыр. Ең бастысы, біздің теміржолшылар бұл марапатқа әбден лайық, пандемия кезінде де теміржолда қозғалыс тоқтаған жоқ, жүк тасымалы қалпыты деңгейінен ауытқыған жоқ, – дейді Атырау магистральдық желі бөлімшесінің директоры Елеубай Сапаров.

Қосұым МҰҚАШЕВ, Атырау  
Суретті түсірген автор

## ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

## ТҮРКСІБ БОЙЫНА ҒАЛАМТОР КЕЛДІ

«Семейтранстелеком» АҚ экономиканы технологиялық тұрғыдан жаңғыртуды жеделдету және оптикалық-талшықты инфрақұрылымға жаппай қол жеткізу жолында тиянақты да тындырымды іс жүргізуде.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,  
Семей

Семей ЖТ бөлімшесі бойынша шалғайда орналасқан шағын станцияларды ғаламтормен қамту мақсатындағы жұмыстар жыл аяғына қарай қарқын ала түскен.

Осыған дейін Жаңа-Семей жол дистанциясына қарасты бірқатар шағын станциялар жаһандық желі игілігіне кенелсе, қазіргі таңда Аягөз өңіріндегі бірқатар елді мекендерді интернет қызметтерімен қамту бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Қазіргі таңда байырғы Түрксіб магистралінің



## ВАГОН ШАРУАШЫЛЫҒЫ

## ҚОЗҒАЛЫС КЕСТЕСІ ҚАТАҢ САҚТАЛАДЫ

Маңғыстау вагон пайдалану депосының Маңғыстау станциясындағы ТҚҚҚ, яғни техникалық қызмет көрсету қосыны өткен 10 айда пойыздар қозғалысы қауіпсіздігін толық қамтамасыз етті. Қосын жұмысшыларының кінәсінен пойыз апаттарына жол берілген жоқ. Пойыздық және маневрлік жұмыстар тиісінше атқарылды.

Ұлан ОРАЗ

Депо қосыны арқылы биыл қазан айында жолаушы және жүк вагондарын қосқанда барлығы 30811 вагон жүріп өткен болса, жыл басынан бері оның саны 340993-ке жетті. Соның ішінде жабдық, ашық, жайдақ және басқа да вагон түрлерін қосқанда бәрі 5045 вагон жүк тиеуге берілген. Сондай-ақ түрлі сұйықтықтар құюға 879 цистерна жіберілген. Қосынға жататын КТСМ қондырғылары арқылы биыл жыл басынан бері 7433 пойыз бақыланған. Бұл қондырғы пойыздар дөңгелектерінің, локомотив букстерінің, генератор шкивінің, вагон букстерінің қызып кетуі, тежегіштерінің толық жіберілмеуі бойынша ақаулықтарын анықтайды.

Вагоншылардың тағы бір қызметі – ақаулы вагондарды ағымды ағытып жөндеу. Осы жөндеу бойынша биылдыққа 142 вагон ақауына байланысты пойыздан ағытылып, жөндеген. Соның ішінде ең көбі 49 ашық вагон және 36 жабық вагон бар. Осы кезеңде

пойыздар қозғалысының кестесі бірде-бір рет бұзылған жоқ. Вагондар паркінің сақталуына да жауапты қосын бойынша кірме және станциялық жолдарда вагон бұзушылығы тіркелмеді.

Қосынның Құрық станциясындағы пароммен келетін вагондармен де жұмыс істейтіні белгілі. Биыл осы порт арқылы пароммен аталған мерзім ішінде 513 вагон келіп, 470 вагон жөнелтілген. Бұл былтырғы көрсеткіштен біршама кем. Вагон шаруашылығындағы маңызды ақаулықтарды анықтайтын құрылғыларға УЗОТ-РМ жатады. Осы арқылы биыл барлығы 191 пойыз, яғни 2054 вагон тексерілген.

– Өңір теміржолшылары «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген «Өндірістік қауіпсіздік саласында ішкі бақылауды ұйымдастыру» стандарты негізінде жасақталған шаралар мен міндеттер негізінде де жұмыс істейді. Бұл міндеттер қатарында қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған ұйымдастыру-техникалық

шаралар мен жобаларды құрастыру және іске асыру, қозғалыс қауіпсіздігі жағдайына, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған жоспарлар мен жобалардың орындалу барысына талдау жүргізу және қауіпсіздіктің бұзылуының алдын алу шараларын жасақтау мен қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша хабарламалар мен есептер жасақтау жатады, – дейді қосын бастығы Ерболат Сәулебаев.

Сонымен қатар қозғалыс қауіпсіздігі жағдайын, апаттық жағдайларсыз жұмыс жасауды қамтамасыз етуге бағытталған шараларды іске асыру бойынша жиналыс жасау, қосын қызметін пайдалану жұмыстарын жақсарту үшін бірқатар жұмыстар жоспарланған. Атап айтқанда, олар – КТСМ-02 құрылғылары анықтап, тоқтатылған пойыздарды тоқтату себепін әр айда талдау, пойыздардың тоқтатылғаны жөнінде қатысты мекемелерге хабар беру, вагондардың тежегіш құрылғыларының ағымды

ағытып жөндеуден шығуына, жөндеуден кейін оларды қабылдап алуға аса көңіл бөлініп, тексерулерді сапалы түрде жүргізу, техникалық оқытуды ұйымдастыруды жоғары деңгейге көтеру, операторлармен жұмыстар жүргізу көзделген. Бұған қоса көтеру механизмдері, кран-балкалар мен тарту құрылғыларының күтіміне аса көңіл бөліп, жоспарлы профилактикалық жұмыс бойынша «Еңбек қауіпсіздігі күндерін» сапалы жүргізу, ҚР Инвестициялар және даму министрінің бұйрығына сәйкес «Қауіпсіздік күні» өткізу, КТСМ техника құралдарын сапалы түрде пайдалану, жолаушылар тасымалы өкідерімен бірлесіп вагондарға техникалық қызмет көрсету, жолаушылар пойызын рейске дайындау сапасының технологиясына тексеру жүргізу, қолданыстағы құрал-саймандар, қосалқы талаптарға сай толықтырылған түрде пайдалану жұмыстары да бар.

Суретті түсірген автор

## ҚАУІПСІЗДІК

Шымкент магистральдық желі бөлімшесі бойынша пойыздар қозғалысы қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуі қанағаттанарлық деуге болады. Жыл басынан бері 10 айда 7 бұзушылыққа жол берілді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда үшеуге кем, яғни былтыр қозғалыс қауіпсіздігі бойынша 10 бұзушылыққа жол берілген.

## ЖАУАПКЕРШІЛІК АРТА ТҮСПЕК

Жансая СЫДЫҚБАЙ,  
Шымкент

Әрине, пойыздар қозғалысында ешқандай апатты оқиғаларға жол берілмеген. Дегенмен тіркеліп отырған жеті жағдай да мөз емес, Оның біреуі – сигналдың өтпе жолымен жабылуы, 5 – адамдарды қағып кету, 1 – пойызды 1 сағаттан артық кідірту фактісі тіркелді.

Бұдан бөлек, НЖС-9 бойынша құрылғылар жұмысының іркілісіне 53 рет, жол шаруашылығы бойынша құрылғылардың істен шығуына 24 рет жол берілген.

Әрине, шұғыл тежеудің, бөгде адамдар мен қараусыз жайылған төрт түлік малдың, дистанция жолдарында теміржолдың үстіңгі қабат материалдары мен басқа да мүліктердің ұрлануының алдын алу мақсатында теміржолшылар биыл да бірқатар жұмыстар жүргізді. Атап айтқанда, жақын маңдағы елді мекендердің тұрғындарына теміржолдағы қауіпсіздік пен жауапкершілік жайлы ескертетін ҚР Кодексінің 559-бабының 1-55-тармағына 1752 үзінді көшірмелер таратты. Станцияларда 2609 адамды қамтыған 39 жиналыс өткізілді.

Өз кезегінде «Теміржол – қауіпті аймақ» тақырыбында 3778 оқушыға да түсіндіру жұмыстары жүргізілді.



3310 мал иесіне теміржолда мал жаю және айдап өту ережелері таныстырылып, төрт түлікті қараусыз қалдырудың соңы зор шығынға ұшырататыны тағы қатаң ескертілді. Сонымен қатар, НЖС-9 теміржолшылары қауіпсіздікпен қатар ұрылқы қарлыққа қарсы 19 рейд жүргізді. Желілік полициямен бірлесіп өткелдерде 12 кешенді рейд тағы өткізіп, 705 жүргізушіге жолдағы қауіпсіздік ережесі таныстырылды, 6 кәсіпорында 49 адамға түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Быылғы жылы 23 км дейін жолға малдан қоршау тұрғызу жоспарланған болатын. ПЧ-53 дистанциясы 20 км жолды, ал ПЧ-54 3 км жолды қоршап, ау бастағы 23 км

межені толығымен орындап шықты. Бір әттеген-айы, теміржолшылардың бұл еңбегі жемісін беріп отыр деп айта алмаймыз. Себебі, тұрғындар темір жолдың мүлкіне көз тігуін қояр емес, мал қараусыз жайылады, адамдар белгіленбеген жерлерден өтеді. Салдарынан адамдардың жолға шығуы мен қоршау ұрлаудың тағы 5 жағдайы тіркеліп отыр.

Осы орайда, НЖС-9 бойынша тұрақты жұмыс істейтін жұмыс тобы құрылды. Олар жолдан өту ережесін бұзған адамдарға, қараусыз қалған малға қатысты арнайы іс-шаралар әзірлеп, іске кірісті. Нәтижесін алдағы уақытта хабарлайтын боламыз.

Суретті түсірген автор

## ЖОЛЖӨНДЕУ

## ЖОСПАРҒА САЙ ОРЫНДАЛДЫ

Павлодар магистральдық желі бөлімшесінде жол шаруашылығы бойынша жазғы жол жұмыстары жоспарға сай жүргізілді. Биыл бөлімшеде 28,414 км көлеміндегі теміржол мердігерлік төсілмен күрделі жөндеуден өту жоспарланған. Бұл шаруа «Теміржол жөндеу» ЖШС – Астана жол машиналары станциясы ұжымының күш жұмылдыруымен кестеде бекітілген мерзімге сай уақытылы атқарылды.

Сұлғұл БАКЕСОВА

Көлемді жұмыс, яғни 22,654 км жол Өлеңті-Қоржынкөл аралығында орындалса, Өлеңті-Бозшақол аралығында 5,76 км жолға да күрделі жөндеу жүргізіліп, теміржолдар жаңа келбетке ие болды.

– Өндірістік бағдарлама шеңберінде теміржолдардың сауықтырылуына басымдық беріліп, жылдан-жылға жұмыс көлемі артып келеді. Қазір жөндеу жұмыстары бұрынғыдай алдын ала жоспарланған тәсілмен емес, нақты жолдың техникалық жағдайына қарай, яғни айқын фактіге сүйене отырып, орындалады. Міне, биыл біздің бөлімше бойынша 30 шақырымға жуық жол көлемі күрделі жөндеуден өтті.

Бұдан бөлек 16,97 км жолға шаруашылық тәсілмен, яғни Ақадыр ПЧМ мекемесінің күшімен күшейтілген орта жөндеу жұмыстары жүргізілді. Соның 9,8 шақырымы Еңбекшілдер-Айсары аралығындағы жол болса, қалған 7,17 км көлеміндегі жол Павлодар-Сортировка және Ақсу-1 станцияларындағы станциялық жолдар болып отыр, – деп бөлімшеде атқарылған жұмыстар туралы мәлімдеді Павлодар НЖС өкілі Б.Тайлақов.

Оның айтуынша, Ақадыр ПЧМ мекемесінің қатысуымен 11,502 км жол бойындағы тіреуіштер тұтасымен алмастырылса, 16 км жуық жолдың ескі жарамды рельс тізбектері жаңасымен ауыстырылған. Ауыр салмақтағы пойыздар тыным таппай жүйтікпін жататын аймақта қозғалыс қауіпсіздігін сақтауға ерекше мән берілген. Мәселен, биыл бөлімше

бойынша 70 км жол бойына шаруашылық тәсілмен малға қарсы қоршау орнату жоспарланған екен. Қазіргі күні жоспарлы жұмыстың 90 пайыздан астамы орындалған. Жұмыстар жалғасуда. Десе де, бөлімше қызметкерлері атқарылып жатқан жұмыстарға қарамастан малдың жолға шығып кетуі салдарынан машинистердің шұғыл тежегішті іске қосуы азаймай отырғанын айтады. Жыл басынан бергі он ай ішінде, малдың жолға шығып кетуін болдырмау және алдын алу мақсатында жол дистанцияларының қызметкерлері мал иелері мен бақташыларға теміржолға жақын маңда мал бағу ережелерін таныстыру жұмыстарын жүргізіп, 2525 адамнан танысқанын растайтын құжатқа қол қойдырып та алыпты.

Сонымен қатар станцияларда мыңнан астам адамға жиындар ашып, тағы да қауіпсіздік ережелері күн тәртібіне шығарылған. Бұдан бөлек, ауыл өкімдеріне пойыз астына басылып қалған малға қатысты соны фактілерді тіркей отырып, 250-ден астам хат жолданыпты. Алайда, жол шаруашылығы мамандарының бұл жұмыстары мардымды нәтиже көрсетпей отыр.





## ТЕХНОЛОГИИ

НА «УДАЛЕНКЕ»  
ВАГОНЫ КАК НА ЛАДОНИ

Окончание. Начало на 1 стр.  
ИТ-РЕШЕНИЯ –  
В УМЕЛЫХ РУКАХ

В компании была внедрена система генерирования SMART-целей и задач с ежедневным замером продуктивности менеджмента, благодаря чему уровень продуктивности сотрудников повысился на 30%.

Помимо этого, в рамках проекта «Внедрение новой модели маркетинга и продаж» (МС1) АО «Қазтеміртранс» для повышения клиентоориентированности внедрено несколько ключевых инструментов, среди которых современный контакт-центр с обновленной инфраструктурой для операторов, с использованием IVR-технологий. Это позволило создать «первую линию продаж», то есть операторы могут консультировать клиентов по основным продуктам компании.

Также внедрен ключевой инструмент CRM – система управления взаимоотношениями с клиентами, позволяющая контролировать и анализировать все обращения клиентов. Появился и тарифный калькулятор для оперативного получения клиентами информации о стоимости услуг. Он предназначен для расчета стоимости перевозок во внутриреспубликанском и экспортном видах сообщений по стандартной методике в соответствии с тарифной политикой компании. На текущий момент осуществляется разработка тарифного калькулятора для расчета стоимости по импортному и транзитному виду сообщений.

Еще один ключевой инструмент – сайт компании. В целях улучшения имиджа АО «Қазтеміртранс» в конце сентября текущего года запущено новый сайт, разработанный с учетом корпоративного стиля. Сайт транслирует философию компании. Изображения, иконки, графические элементы, цветовая палитра – все подчеркивает ее образ. К тому же любой посетитель сайта может воспользоваться тарифным калькулятором.

В совокупности все это предоставляет сотрудникам и клиентам быстрый и удобный доступ к ресурсам компании. Клиенту легко обратиться за консультацией в контакт-центр и получить интересующую услугу быстро и качественно. Сотрудники могут оперативно принять и обработать заявки от клиентов.

